



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.06.2017ж.  
Костанай қаласы

№ 276  
город Костанай

### Банкроттық басқарушыны шеттету туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 12-бабының 10-тармағына және 15-бабының 3-тармақшасына сәйкес, 2017 жылғы 26 мамырдағы «Арсылан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттық басқарушы Газиз Аманжолович Такеев хабарлама әкімші қызметін жүзеге асыру құқығы бар адамдар хабарламаларының тізілімінен алып тасталғанына байланысты «Арсылан» ЖШС-нің мүлігін және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Г.А. Такеев үш жұмыс күнінен кешіктірмей мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А.Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Паяев

011548